



ӘОК 336.717.6

**Батырбеков Қ.П.,  
Тулегенова Р.Ж.**

**ҚАРЫЗДЫҚ  
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ  
АҚШАЛАЙ АҒЫМДАРДЫ  
БАСҚАРУҒА БЫҚПАЛЫН  
ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ДАМЫТУ  
ЖОЛДАРЫ**

*В статье рассмотрены влияния  
денежных потоков на объем  
кредиторской задолженности  
хозяйствующих субъектов разных форм  
собственности хлопковой  
промышленности.*

*The influences of money of the volume of  
debtors to indebtedness managing subject of  
the different property categories to cotton  
industry are considered in this article.*

Борышты зерттеу барысында, оны белгілі бақылау мен басқару мүмкіндіктерін беретін кәсіпорын қызметінің жалпы мінездемелерінен ажыратып қарауға болмайды. Халықаралық және отандық тәжірибедегі көзқарастардың сан-алуан түрлеріне қарамастан, ақшалай қаражаттардың қозғалысы бойынша есеп беру мен оның негізінде алынатын көрсеткіштердің аналитикалық құндылығы жоғары екені жалпы мойындалған. Соның ішінде әңгіме қарыздық міндеттемелердің кәсіпорынның ақша ағымдарының шамасы мен сапасына ықпалы туралы болып отыр.

Ақшалай ағымдарды - ақшалай қаражаттар мен оның эквиваленттерінің тура және кері ағымдары ретінде түсінеміз. Дәстүрлі түрде: ағымдағы, негізгі және инвестициялық қызметтерден ақша ағымдарына топтау мен осы аналитикалық есептемелер көрсеткіштерін құрастыру дағдыланған.

Бұл жағдайда, қарыздық міндеттемелердің шамаларының өзгеруі, біздің ойымызша, тек ағымдағы және инвестициялық қызметтердің ағымдарына ғана елеулі ықпал жасап отырады. Ағымдағы және инвестициялық қызметтер бойынша таза ақша ағымдарының жалпы сомаларын қаржылық әдебиеттерде, кейде Free Cash Flow (FCF) – нақты ақшаның еркін ағымы ретінде көрсетеді.

Қазіргі кезде ағымдағы қызметтен таза ақша ағымдарының (ары қарай АҚТАА) шамасын анықтаудың екі негізгі «амалы» бар. Шетелдік тәжірибеде бұл көрсеткіш Cash Flow from Operation (CFO) ретінде көпшілікке танымал болды [4].

Олардың біріншісі, ақшалай қаражат шоттарының айналымы бойынша ақпаратты қолданғанда, бірақ бухгалтерлік есептеме формаларының ақпаратын пайдаланбай, кәсіпорынның есепті жазбаларынан АҚТАА есептеу болып табылады.

Екінші көзқарас – АҚТАА есептеу үшін, баланс пен пайда мен залалдар бойынша есептеме ақпаратын пайдаланудан құралады. Осы көзқарастар – тиісінше, «бірінші және екінші кезектегі» аттарына ие болған. Сонымен бірге АҚТАА есептеудің екі алгоритмі бар – баланс негізінде және пайда мен залалдар бойынша есеп беру негізінде.

Біріншісімен байланысты АҚТАА, пайда мен залалдар бойынша есеп беру статьяларын түзеу арқылы, соның ішінде сату мен сатулардың өзіндік құнын есепті кезеңдегі запастардағы, операциялық дебиторлық және кредиторлық борыштарға және басқа да ақшалай емес статьяларға өзгерісін ескере



анықталады. Мұндай әдіс – «тікелей туындау» атына ие болды.

Екінші алгоритмге сәйкес, таза пайда (залал) шамасы айналымдық активтер мен ағымдық пассивтердің өзгерісі шамасына және ұзақ мерзімді активтердің шығып кетуімен байланысты ақшалай емес операциялар сомаларына түзетіледі.

Бұл әдісті – «жанама туындау» деп атау дағдыланған. Қолданыстағы тәжірибеде, ағымдағы қызметтен таза ақша ағымдарын үш негізгі әдісі бар: тікелей, тікелей туынды және жанама туынды.

Әйтсе де бірқатар зерттеушілердің пікіріне сәйкес [2], Қазақстанда тікелей туындау әдісін қолдану киын, өйткені пайда мен залалдар бойынша есеп беруде түсім – «нетто» бағамен көрсетілсе, осы кезде баланстағы контрагенттердің қарыздық борыштары - өзіне жанама салықтарды қосады.

Сондықтан да міндеттеменің өзгерісінің шамасы мен деңгейінің ықпалын қарастыру үшін, ағымдағы қызметтен таза ақша ағымдарына есептеу тікелей және жанама туындау әдістерімен орындалады. Инвестициялық қызметтен ақша ағымдарының шамасын тек қана тікелей әдіспен анықтайды.

Қарыздық міндеттемелердің ағымдағы және қаржылық қызметтерінен таза ақша ағымдарына ықпалын талдау, кәсіпорын өзінің қызметі барысында ақшалай қаражаттар өсімін алуға қабілетті ме, өзінің қаржылық міндеттемелері бойынша, несиеге қабілеттілігін жоғалтпай отырып бүгінде және болашақта жауап бере ала ма – деген сұрақтарға жауаптар бере алады.


Осы контексте таза ақша ағымдары құрылысындағы міндеттемелерді талдау бағыттары туралы айта отырып, ХҚЕС –да қарастырылған қаржыландырудың ішкі және сыртқы көздері туралы ақпараттың «градациясын» (басқыштаушылық) ерекшелену қажет. Кәсіпорынның міндеттемелері туралы ақпараттың, ішкі қаржылық көздері құрамында ашылуы тиіс, екені мәлім.

Ағымдағы қызметтен таза ақша ағымдары - кәсіпорынның өзін- өзі қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады және кез- келген экономикалық субъектінің ішкі қаржыландыру құрылысының елеулі үлесін құрайды.

Міндеттемелерді жасырын өзін- өзі қаржыландырудың құрамынан оқшау көрсету қажет, өйткені борыштың ішінде «тұрып қалған» ақшалай қаражаттар, белгілі мерзім кескіні ішінде кәсіпорынның нақты меншігі болып келеді.

Негізгі жасырын қаржыландыру көзі ретінде, меншікті айналымдық капитал шамасының өзгеруін - айналымдық активтер мен кредиторлық борыштар көлемінің өзгеруі салдарынан сомаланған шамасы ретінде есептеуге болады.

Кредиторлық борыштың, оның ішіндегі алынған аванстардың ұлғаюын – қаржыландыру (финансирование), ал оның төмендеуін – «кері қаржыландыру» (дефинансирование) деп атау қалыптасқан. (1 және 2- суретте)



Сурет 1 - Кәсіпорынды қаржыландыру көздері


1- суретіндегі ерекшеленген ақшалай тура ағымдардың әр қайсысы, ағымдағы қызметтен (қысқа мерзімді сипаттағы) және инвестициялық қызметтен (ұзақ мерзімді сипатта қолдану үшін активтерді сатып алу бойынша борыш) ақшалай ағымдарды ұлғайтады.

Міндеттемелер ауқымындағы жасырын қаржыландыру көздерінің шамасын, қаржыландыру түріндегі барлық ақшалай кері ағымдардың алгебралық сомалары ретінде есептеуге болады.

Міндеттемелердің, соның ішінде кредиторлық борыштың да өзгеру шамасы, ағымдағы қызметтен таза ақша ағымдары сомасының негізгі критерийі ретінде және келесідей құрамдас бөліктерге әсер етеді:



- өзін-өзі қаржыландырудың үлесі;
- жасырын қаржыландыру көздерін, айып жазалары мен банкроттық процедуралардың басталуы мүмкін мерзімі өткізілген кредиторлық борыш сомаларына түзету шамасына.



Сурет 2 - Кәсіпорынды кері қаржыландыру түрлері

Кәсіпорынның ағымдағы операциялардан таза ақша ағымдары есебінен, негізгі қызмет бойынша болашақ төлемдерді (ен алдымен айналым қаражаттарын толтыру үшін), ұзақ мерзімді активтерді инвестициялау, меншік иелеріне дивидендтерді төлеуді қамтамасыз ете алуы туралы ақпарат аса қызығушылық танытады.

Мұндай ақпаратты біздің пікірімізше, «балансталған көрсеткіштер жүйесін» (Balanced Scorecard) қолдану кезінде алуға болады.

Балансталған көрсеткіштер жүйесінің мақсаты – проблеманы комплексті қарастыру мүмкіндігін қалыптастыруда. Жүйенің принциптерінің өзі, өткен ғасырдың 90 жылдары Д.Нортон мен Р.Капланмен құрастырылған. Balanced Scorecard – орыс тілінде, тек көрсеткіштер жүйесі ретінде ғана түсіндірілмейді. Ен алдымен, бұл маңызды коэффициенттердің оңтайлы нормативтерін бекіту енгізілетін компанияның стратегиялық мақсаттар жүйесі.

Сонымен Balanced Scorecard – басшылар үшін маңызды көрсеткіштердің сығындалған және құрамдастырылған (структурирование) жүйесі болып табылады. Әдетте басшылық, тек қаржылық ақпаратқа қарап бағытталады.

Құрастырушышалар кәсіпорынды басқарғанда қаржылық ақпаратпен теңдей 4 негізгі блокты қамтитын ақпарат бағыттарын да ескеруді ұсынады: 1) Қаржы/ Экономика, немесе қаржылық-экономикалық көрсеткіштер; 2) Нарық/ Клиенттер – компания клиенттері, нарықтағы кәсіпорынның беделі, бәсекеге қабілеттігі туралы ақпаратпен қаншалықты қанағаттанғаны; 3) Бизнес- процесстер – фирманың ішкі операциялық тиімділігін (ақаудың төмен проценті, сапалы сервистік қызмет және т.с.с.) сипаттайтын көрсеткіштер; 4) Инфраструктура/ Қызметкерлер – қаншалықты мамандандырылған, ұйымдасқан кадрлар жұмыс істейді және кәсіпорынның инфраструктурасы қаншалықты дұрыс дамыған (ақпараттық жүйелер, жабдықтар, технологиялар).

Осы блоктардың барлығы да өзара байланысты. Біздің ойымызша, бірінші блокта – қызметтің қаржылай- экономикалық параметрлерінің міндеттеушілік құрамдас бөлігінің бағытын ерекшелеу тиімді, өйткені төлемқабілеттілігін қамтамасыз ету міндеті - кәсіпорын үшін алғашқы кезектегі болып табылады. Басқару үшін барлық маңызды факторлар біреу не бірнеше мәнде міндетті ұсынылуы қажет.

Концепцияның ұраны – «If you cant measure it, you cant manage it» (Егер мұны сіз өлшей алмасаңыз, онда сіз оны басқара алмайсыз) [2].

Ақшалай ағымдардың міндеттеушілік құрамдас бөлігінің балансталған көрсеткіштер жүйесі, өзіне келесідей өзін-өзі қаржыландыру интервалының көрсеткіштерін қосады: *Бивер коэффициентін; өзін-өзі қаржыландырудың потенциалын; «нетто және брутто» бағалаудағы борыш деңгейінің динамикалық көрсеткішін; борыштың потенциалын; сатудан түскен түсімдегі ағымдағы қызметтен таза ақша ағымдарының үлесін.*

Балансталған көрсеткіштер жүйесі бойынша бағалау моделі 1 - кестеде ұсынылған аналитикалық есептемеге түрленеді. Осы жерде модельді суреттеу кезінде ЖШС «Ақ-Макта» ақпараты қолданылған.

1 кестедегі өзін-өзі қаржыландыруды интервалының көрсеткіштері бөлігіндегі деректер кәсіпорынның қысқа мерзімді дебиторлық борыштарын инкассациялау есебінен ағымдағы қызметін қамтамасыз ете алатын жағдайда екенін айтып отыр. Соның ішінде, ол 25-тен 40 күнге тен мерзім



аралығында төлемдерді қамтамасыз етеді. Берілген көрсеткіш, келісімдегі тауарлы-материалдық құндылық – медициналық жабдықты жеткізгені үшін есептеу мерзімін анықтау мақсатында қолданылады. Қарастырылған мысалдағы кредиторлармен (тауарлы несиелер мерзімі) есеп айырысу мерзімі орташа 25 күннен аз бола алмайды.

*Кесте 1. Кредиторлық борышты ескере ақшалай тура ағымдардың міндеттеушілік құрамдас бөлігін тастілеу моделі.*

| Көрсеткіш  | Есеп беру | Базис  | Өзгеріс | Жекеленген норматив |
|--|-----------|--------|---------|---------------------|
| Өзін-өзі қаржыландыру интервалы, күн   | 40,43     | 25,03  | +15,14  | →Max                |
| Бивер коэффициенті (тура ақша ағымдарының міндеттемелерді жабу коэффициенті) | 0,348     | 0,216  | +0,132  | 0,4- 0,45           |
| Өзін-өзі қаржыландыру потенциалы   | 0,19      | - 4,7  | ×       | →Max                |
| Борыш деңгейі – брутто, жыл (рет)  | 48,5      | - 0,98 | ×       | →Min                |
| Борыш деңгейі – нетто, жыл (рет)   | 41,5      | ×      | ×       | →Min                |
| Борыш потенциалы, жыл (рет)  | 28,7      | ×      | ×       | →Min                |
| Ағымдағы қызметтегі сатудан түсімдегі таза ақшаның тура ағынының үлесі, %    | 41        | ×      | ×       | →Max                |
| Ағымдық ликвидтілік коэффициенті*  | 2,46      | -      | -       | ≥1                  |
| Төлем қабілеттігін жоғалту коэффициенті*                                     | 0,4093    | -      | -       | ≥1                  |
| Кредиторлық борыштың минималды шамасы  | 60,5      | -      | 35,15   | 24,35               |

*\*Көрсеткіштердің есебі мен түсіндірмелері Қосымшада келтірілген.*

Келтірілген деректерден көрініп тұрғандай, кәсіпорын кредиторлық борышты, алдын жөнелтілген өнім үшін түскен ақшалай қаражат есебінен 25-тен 40 күнге дейін тоқтамай өтемін жасай алады. Нәтижеде кәсіпорын екі жыл ішінде кредиторлардың қарыздарын тек қолда бар ақшалай активтер мен негізгі қызметтен түсімдер есебінен, бір жарым ай ішінде төлем жасай алатын жағдайда болған.

Жалпы Қазақстан Республикасы үшін, зерттеу деректері бойынша жеткізушілердің шоттарын өтеу жылдамдығының орташа көрсеткіші 23 күнге тең, және ол 2005 жылдан бері айтарлықтай өзгермеген.

Бивер коэффициенті төлемқабілеттіктің жеткілікті түрде өкілетті (ресми) көрсеткіш болып есептеледі. Зерттеліп жатқан кәсіпорын үшін, ақша қаражаттарының тура ағымдарымен 35% мөлшеріндегі ағымдағы міндеттемелерді жабуға болады. Бивер зерттеулерінің «сәтті» компаниялар үшін мұндай көрсеткіші 0,4- тен 0,45 дейінгі аралықта екенін көрсетеді.

Өзін-өзі қаржыландыру потенциалы зерттеліп жатқан кәсіпорын есепті жылы кредиторлық борыштың 1 теңгенің 19 тиынын өтей алғанын, ал өткен жылы болса – бір де бір тиынын да өтей алмағанын көрсетеді.

Брутто – борыштың динамикалық көрсеткіш деңгейі – қарыздың негізгі сомасын төлеу бойынша борыштың өтелу деңгейін көрсетеді, кәсіпорынның кредитордан тәуелділік деңгейін анықтайды, мысалы жыл аяқталған соң өз күші есебінен қарыздар толығымен жабылатын кезеңдер санын көрсетеді.

Борыш деңгейінің көрсеткіші неғұрлым төмен болса, кәсіпорын анағұрлым ликвидті есептеледі. 1 кестедегі деректерге сәйкес, борыштың динамикалық көрсеткіш деңгейі ағымдағы қызметтен таза ақшаның тура ағымдарының «теріс» белгісі базистік жылы, кәсіпорынға қарыздың негізгі сомасын меншікті көздер есебінен жабуға мүмкіндік бермегенін куәландырады. Әйтсе де, есепті кезеңнің соңына бұл көрсеткіш – 48,5 жылға жетті. Бұл - ақшаның тура ағымы көрсеткішінен қарыздың жалпы сомасы 48,5 реттен едәуір асқан деген сөз.

#### *Әдебиеттер:*

1. ХҚЕС қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар жиынтығы. Бухгалтер анықтамасы. № 1, 2006 ж. - Алматы: «БИКО» баспа үйі.
2. Друри К. Управленческий и производственный учет / Пер. с англ. В.Р. Егорова. - М: Юнити, 2002.
3. Бабаев Ю.А., Петров А.М. Бухгалтерский учет и контроль дебиторской и кредиторской задолженности. - М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2005.
4. Вахрушина М.А. Бухгалтерский управленческий учет. - М.: Финстатинформ, 2000г